

«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

25.02.2025ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. Жартыжылдық жұмысты қорытындылау
2. Тәрбиеленушілердің тамақтану сапасы, санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуы.
3. «Наурыз» мерекелік іс-шарасына дайындық және өткізу жұмыстары.

Тыңдалды

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди сөз алып, 2024-2025 оқу жылының жартыжылдық жұмысты қорытындылады. Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілгені, ата-аналармен байланыс орнатылып, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау бағытында жұмыстар атқарылғаны айтылды.

Сөйледі:

Изгалиева Сауле сөз алып, атқарылған жұмыстардың нәтижелі болғанын атап өтті. Ата-аналармен өзара байланысты одан әрі нығайтып, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен сапалы тәрбиесіне бағытталған жұмыстарды жалғастыруды ұсынды. Сонымен қатар балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты арттыру мақсатында түрлі бірлескен іс-шараларды көбейту қажеттігін айтты.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша директоры тәрбиеленушілердің тамақтану сапасы, ас мәзірінің орындалуы, азық-түліктің сапасы және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы ақпарат берді. Қамқоршылық кеңес мүшелері қоғамдық бақылау жүргізу жұмыстарын жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Сөйледі:

Хайруллина Диана тәрбиеленушілердің дұрыс тамақтануы мен денсаулығын сақтау балабақша жұмысының басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. Тамақтану сапасына қоғамдық бақылауды тұрақты жүргізуді қолдайтынын білдірді. Сонымен қатар азық-түлік сапасына бақылауды күшейтіп, санитарлық талаптардың сақталуын жүйелі түрде қадағалап отыруды ұсынды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жартыжылдық жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Екінші жартыжылдыққа жоспарланған іс-шаралардың сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін. Қамқоршылық кеңесі тарапынан балабақша қызметіне қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің тамақтану сапасы мен санитарлық-гигиеналық жағдайына қоғамдық бақылау жалғастырылсын.
3. Наурыз мерекелік іс-шарасын жоғары деңгейде өткізуге қолдау көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана

